

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы
**«ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ -
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

II БӨЛІМ

25 мамыр 2016 жыл

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**
под эгидой IX Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ II

25 мая 2016 г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**
in the framework of the IXth Astana Economic Forum

PART II

25 may 2016

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)-551я431
Ж 28

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н., доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н.,
доцент Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф. еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)- 551я431

ISBN 978-9965-31-762-0

ИНТЕГРАЦИЯЛАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ

Махамбетжан А.Қ., Хойч А.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: aidana-92_kz@mail.ru

20 ғасырдың екінші жартысындағы ғылыми-техникалық прогресстің негізіндегі экономикалық потенциал адам өмірінің барлық саласындағы өзгерістерге алып келді. Осыған дейін тек қана ұлттық, өңірлік деңгейде қарастырылатын мәселелер қазір барлық мемлекеттердің мүддесінде. Интеграциялану, жаһандану әлемдік саясаттың басым факторына айналуға. Сондықтан қазіргі елдер арасындағы қарым-қатынастың мәселелері егеменді елдің ұлттық мүдделері мен интеграциялық өзара қарым-қатынастардың мақсаттары мен қағидаттары арасындағы қатынасы болып табылады.

Тәуелсіздіктің 25 жылы ішінде Қазақстан Біріккен Ұлттыр Ұйымының мүшесі, ТМД қатысушысы, Ресей және Беларусь Республикасымен Кедендік Одаққа бірікті, осы үш мемлекет аясында өнім өткізу нарығын кеңейту мен сауданы дамыту мақсатында Бірыңғай экономикалық кеңістік құрды, Армения, Беларусь Республикасы, Қырғызстан және Ресей мемлекеттерімен Еуразиялық экономикалық одаққа (ЕАЭО) бірікті, Қытай мемлекетімен Шанхай ынтымақтастық ұйымына (ШЫҰ) бірікті, 2015 жылдың 30 қарашасынан бастап Дүниежүзілік сауда ұйымының (ДСҰ) ресми мүшесі болып кірді және қазіргі таңда Еуропалық Одақпен серіктестік пен ынтымақтастықты кеңейтуге қол қойды.

Еліміздің ұлттық экономикасы халықаралық еңбек бөлінісіне, халықаралық инвестициялық ынтымақтастық пен халықаралық сауда айналымына белсенді қатысуға тырысып келеді. Аталған процестерге мемлекеттің тиімді қатысуы үшін әлемдік нарықтағы ағымдай жағдайды, заманауи тенденцияларды және әлем экономикасы дамуының негізгі бағыттарын ғана ескеріп қоймай, перспективалық талдау негізінде әлемдік экономикалық процестердегі мүмкін өзгерістерді болжай білу қажет.

Ашық экономика жағдайында Қазақстанның әлем шаруашылығына интеграцияланудағы стратегиялық мақсаты ұлттық экономикамыздың бәсекеге қабілеттілігін арттыру болу қажет. Өндірістің бәсекеге қабілеттілігі тек қана экспортқа ықпалдаспай, ішкі нарықтағы шетелдік жеткізушілерге лайықты бәсекелестікке тұруы керек. Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың алғышарттары ретінде тек табиғи ресурстар мен арзан еңбек күшін қарастырмай, білім мен ғылыми-техникалық әлеуетке назар аударған жөн.

Дегенмен, айқын артықшылықтарға ие халықаралық интеграцияланудың да белгілі бір кемшіліктері бар. Мысалы, ірі мықты деген транснациональдік корпорациялар (ТҰК) өзінің ірі-ірі әр елдер мен құрлықтардағы филиалдарымен әлемдік нарықтағы дайын өнімді жеткізуші басты компанияларға айналады. Оның салдарынан ұлттық экономиканың дәстүрлі салаларындағы өнімдер өзінің бәсекеге қабілеттілігін жоғалтады және халықаралық еңбек бөлінісі деңгейі төмендейді. Сондықтан сыртқы экономикалық байланыстардың кеңейуі бір жағынан халықаралық капитал ағымын арттырады, екінші жағынан, ұлттық экономиканың әлсіздігін арттырады [1].

Ұлттық экономиканың интеграциялануында экспорттың құрылымын жақсарту мен импортталатын тауарлардың орнын басатын тауарларды өндіруді арттыруы маңызды рөл атқарады. Демек, ұлттық экономиканың тұрақты дамуында да экспорт пен импорттың алар орны ерекше. Себебі интеграциялану нәтижесінде ұлттық экономиканың дамуы артуы да кемуі де мүмкін, яғни, интеграциялық процестер ұлттық экономиканың тұрақты дамуына бір із қалдырары сөзсіз.

Аймақтық экономикалық өзгерістер де ұлттық экономикамызға өз әсерін қалдыруда. Кеден Одағымен интеграциялануымыз Қазақстанға Ресейдегі экономикалық өзгерістерді

әсерсіз қалдырмады. Ресейдің ЖІӨ өсімі 2013 жылғы 1,3 пайыздан 2015 және 2016 жылдары 0,5 пайызға төмендеп кеткен. Бұл Қазақстан экономикасының ЖІӨ көлемі өсімінің 0,5-1 пайыздық пунктiге төмендеуiне алып келедi, себебi ол Қазақстанның Ресейге өнеркәсiптiк экспортына керi әсерiн тигiзiп қана қоймай, Қазақстанға деген iшкi және сыртқы инвестициялауды да азайтады. 2014 жылы 2013 жылмен салыстырғанда шамамен 22% төмендеген. 2012 жылы ПИИ Қазақстанға жалпы ағымы 28,9 млрд АҚШ долларын құраса, 2013 жылы 24,1 млрд АҚШ долларына және 2014 жылы 5,8 млрд АҚШ долларына дейiн азайған [2].

Ал төмендегi 1-кестеге байланысты 2015 жылдың қорытындысы бойынша одаққа мүше мемлекеттер iшiнде Ресей экономикасының құлдырауы салдарынан экономикалық одақтың ЖІӨ көлемi 2010 жылғы көрсеткiштен де төмен түсiп кеткен. Айта кетсек, Ресейдiң ЖІӨ көлемi 2010 жылғы 1 525 314 млн.доллардан 2015 жылы 1 332 086 млн.долларға дейiн, яғни, 193 228 млн. доллар көлемiнде немесе 12,67 % азайған, бұл өз кезегiнде Қазақстанның экономикасына да өзiнiң керi әсерiн тигiзген. Жалпы 2013 жылмен салыстырғанда ЕАЭО-ға мүше барлық мемлекеттердiң ЖІӨ көлемi кемiген.


Кесте 1

Еуразиялық экономикалық одақ ЖІӨ динамикасы, млн.долл

	2010	2011	2012	2013	2014	2015
ЕАЭО	1742361	2309527	2449903	2566413	2375195	1586561
Армения	9 260	10 142	9 958	11 121	11 644	10 561
Беларусь	54 940	58 799	63 366	72 356	75 836	53 508
Қазақстан	148 052	200 381	215 906	243 774	227 439	183 834
Қырғызстан	4 795	6 198	6 606	7 335	7 469	6 572
Ресей	1525314	2 034 007	2 154 067	2 231 827	2 052 807	1 332 086

*Деректер Еуразиялық экономикалық комиссияның ресми сайтынан алынған <http://www.eurasiancommission.org/> [3].

ЖІӨ көрсеткiшi кемiгеннен кейiн сәйкесiнше жан басына шаққандағы ЖІӨ көлемi де (1-сурет) жалпы ЕАЭО бойынша 2015 жылы 2013 жылға қарағанда 34%, оның iшiнде осы көрсеткiш бойынша жетекшi мемлекет Ресейде 41,5%, одан кейiн тұрған Қазақстанда - 26,8%, Беларусьте - 26,2%, Арменияда – 4,48%, Қырғызстанда – 14% азайған.



Сурет-1. 2013-2015 жылдар бойынша Еуразиялық экономикалық одақтағы жан басына шаққандағы ЖІӨ көлемi, АҚШ доллары

*Еуразиялық экономикалық комиссия сайтынан алынған деректер бойынша авторлармен құрастырылған [3].

Ресейдiң ұлттық экономикасында орын алған жағымсыз экономикалық жағдай интеграциялық одақтың тұтастай экономикасына да, ұлттық экономикамыздың тұрақты дамуына да керi әсерiн тигiздi. Ресейдегi дағдарыстың, рубль бағамының түсуiне

байланысты жеңіл автокөлік, техника, әшекей-бұйымдар алуға Қазақстаннан қаншама адамдар ағылды, әрине, бұл біздің тұтынушыларға тиімді болғанымен, жалпы ұлттық экономикамыздың тұрақты дамуының экономикалық та, экологиялық та аспектілеріне көрші елдегі күйзелістің бір ұшы тиді. Экономикалық жағынан тұтынушыларымыздан айырылу, импорттың артуы салдарынан ЖІӨ-нің кемуі болса, экологиялық жағынан импортталған көлік санының еселенуі себебінен қоршаған ортаны ластаушы газдардың көбеюі, Қазақстан мен Ресей арасындағы транзиттік жолдардың тұтынылуының артып, тозуы орын алды. Әрине, бұл мәселе де қазіргі таңда өз шешімін табуда, себебі автокөліктер ағынының артуына байланысты ЕАЭО шеңберіне бұдан былай кіргізілетін транспорттық құрылғылардың 2007 жылдан ескі болмауы және өзі шығаратын газдарды филтрлеп жою мүмкіндігі болуы қажет деген «Дөңгелекті транспорттық құрылғылар қауіпсіздігі туралы» Кеден Одағының техникалық регламенті енгізілген [4].

Әлемдік банк қызметкерлерінің пікірінше Ресеймен болған жағдай ұлттық экономикамызға тек қана жағымсыз әсер етпейді, мысалы, Ресейдің Батысқа деген белгілі бір азық-түлік тауарларына салған санкциясы Қазақстан үшін экспортқа мүмкіндік береді. Онымен қоса, ұзақ уақыт бойына салынатын санкциялар Кеден Одағы бойынша Ресейдің әріптес елдеріндегі компанияларға Ресей санкциясына ұшыраған елдерден тауарларды қайта экспорттау мүмкіндігі туады. Егер халықаралық инвесторлар Ресейден кетуді немесе инвестициялаудан бас тартуды ойласа, Қазақстан балама мемлекет бола алады және де аймақта жағдайдың нашарлауы мұнайдың бағасының көтерілуіне әкеліп, Қазақстан үшін жағымда сауда жағдайларын қалыптастырады [2].

Жоғарыдағы кестеге сай, жан басына шаққандағы ЖІӨ көлемі бойынша ЕАЭО интеграциясында ең алда тұрған Қазақстан Республикасы, содан кейін Ресей, Беларусь, Армения және Қазақстан, ал жалпы ЖІӨ көлемі бойынша Ресей жетекші орынды иеленеді, одан ары Қазақстан, Беларусь, Армения және Қырғызстан орналасқан.

Кесте 2

Еуразиялық экономикалық одақтың жалпы әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері

	ЖІӨ млн долл	Жан басына шаққандағы ЖІӨ, долл	Өнеркәсіптік өндіріс, трлн долл.	Жұмыссыздық деңгейі, %	Электроэнергия өндірісі, млрд. квт.сағ.
ЕАЭО	586561	8 711	907 141,1	5,7	1 209,1
Ресей	1332086	9099	790 793,5	5,8	1 063,4
<i>Қазақстан</i>	<i>183834</i>	<i>10478</i>	<i>66 001,4</i>	<i>5</i>	<i>91,1</i>
Армения	10561	3515	2 776,8	16,6	7,8
Беларусь	53508	5639	44 851,9	1%	33,8
Қырғызстан	6572	1154	2 717,5	8%	13,0

*Еуразиялық экономикалық комиссия деректері бойынша авторлармен құрастырылған [5].

Жұмыссыздық деңгейіне келетін болсақ, Беларусь мемлекеті 2015 жылы жоспарланған 1,5 пайыздың орнына жыл соңында 1 пайызды көрсетіп, өздерінің жұмыспен қамту саясатының сәттілігін көрсетті. Ең жоғарғы жұмыссыздық деңгейі Арменияда байқалады (16,6%), жалпы интеграциялық аймақ бойынша 5,7% құраған, бұл Еуропалық Одақпен салыстырғанда 3,4% кем (ЕО-9,1%). Жалпы алғанда, бір ғана ЕАЭО тұрғысынан Қазақстанның алар орны жаман емес, 5 мүше мемлекет ішінде Ресейден кейінгі жетекші орынды аламыз, алайды мемлекетіміз мүше болып табылатын Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ), Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ), Тәуелсіз мемлекеттер достастығы (ТМД) және басқа да халықаралық интеграциялық ұйымдар құрамында ұлттық экономикамыздың позициясы көңілге жылу ұялатарлық. Қазіргі таңда жаһандану заманында интеграциялану, интеграциялық процестерге қатысу ұлттық экономиканың тұрақты дамуының кепілі, себебі экономикалық, әлеуметтік, экологиялық аспектілерді түгелдей қамтитын тұрақты даму мәселесі бір ғана мемлекет шеңберінде шешілмейді, ол түгелдей дерлік адамзаттың бірігіп,

ат салысып, мемлекеттердің бір біріне ықпалдасып, бір бірімен ынтымақтасып шешімін табатын міндеті.

Әдебиеттер:

1. Тлеуберген Д.: «Интеграция Казахстана в мировую экономику в условиях глобализации» - 2007, <http://kisi.kz/>.
2. Доклад Всемирного Банка., «Казахстан: замедление роста экономики на фоне увелечения внешнего давления». - Осень 2014, стр.19-20
3. Сайт Евразийской экономической комиссии <http://www.eurasiancommission.org/>
4. Технический регламент Таможенного союза «О безопасности колесных транспортных средств» от 1 января 2015 года.
5. Аналитический обзор об основных социально-экономических показателях государств – членов Евразийского экономического союза, февраль 2016.

ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ ИННОВАЦИОННОЙ СИСТЕМЫ РК

Айтыкенов М.

Евразийский национальный университет им.Л.Н. Гумилева,
г. Астана, Республика Казахстан
E-mail: mr.aitykenov@mail.ru

В современном мире в условиях ускорения научно-технического прогресса инновации приобретают решающее значение для устойчивого роста национальной экономики, повышения ее конкурентоспособности. Принятые программы в данном направлении играют положительную роль. Однако для решения долгосрочной задачи необходимо время, с одной стороны, с другой – выверенные решения. Инновационное развитие – это комплексная задача, важнейшей составляющей которой является производство высококачественной казахстанской продукции, которая позволит продавать ее на мировых рынках. Как обязательная мера продвижения казахстанских товаров – это создание соответствующей логистических центров на этих рынках.

В Казахстане основные элементы национальной инновационной системы созданы в течение последних 10 лет, но доминирует устаревшее представление о линейной модели инновационной деятельности и элементарная цепочка для выявления эффектов научно-технического прогресса: затраты на науку - результирующий прирост абсолютного объема продаж. Тем не менее, в постиндустриальной экономике процесс диффузии инноваций часто идет нелинейным путем, развиваются процессы кооперации и сотрудничества по разработке нововведений на доконкурентной стадии, распространение инноваций идет в кластерах с меньшими затратами, чем в отдельных фирмах и т.д.

Взаимоотношения между производителями и потребителями новых знаний и технологий в нашей стране являются скорее исключением, чем системой, университеты регистрируют единичные патенты и не реализуют свою инновационную функцию по причинам устаревшей материально-технической базы, отсутствия ресурсов на проведение лабораторных и опытных работ и т.п. В результате программа форсированной индустриализации поддерживает проекты, которые с точки зрения инновационного содержания в подавляющем большинстве являются трансфертом технологий.

Системообразующие корпорации Казахстана, которые во всем мире являются, наряду с государством, ведущими субъектами научных исследований, остаются с точки зрения науки анклавами, не дающими того инновационного импульса, который исходит от этих корпораций во все мире и распространяется на малый и средний бизнес.